ЖАҢАЛЫҚТАР

Қытайда Трамп, Си Цзиньпин және Путиннің үшжақты кездесуі өтті

19 қараша 2026 жыл, 14:56



Қытайда Трамп, Си Цзиньпин және Путиннің үшжақты кездесуі өтіп жатыр. 19 қараша 2026 жыл.

Қытайда Трамп, Си Цзиньпин және Путиннің үшжақты кездесуі өтіп жатыр. Алғаш рет осындай форматта кездесу өтіп отыр. Кездесудің алғашқы бөлігіне журналистер де қатысты, үш басшының кіріспе мәлімдемелері тікелей эфирде көрсетілді.

АҚШ президенті Дональд Трамп Ресей, Қытай және АҚШ-ты ядролық қарудың таралуына жол бермеу үшін күш біріктіруге шақырды. Оның айтуынша, үш елдің басшылары «бүкіл әлемге әсер ететін мәселелер бойынша диалогты сақтауға ерекше жауапты».

Трамп Украинадағы соғыс та талқыланатынын растады. Оның сөзінше, бұл мәселені бүгін Путинмен өткен екіжақты кездесуде де қозғаған. «Меніңше, Путин де, екінші тарап та соғыстың аяқталғанын қалайды», – деді АҚШ президенті. Ол жағдайдың жақсы жаққа өзгеретініне үміт білдірді.

Си Цзиньпин кездесудің басты мақсаты «әлемдегі бейбітшілікті сақтау және стратегиялық тұрақтылыққа ықпал ету» екенін айтты.
Ресей мен Қытай басшылары үш елдің де Екінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жеткен мемлекеттер екенін еске салды. Путиннің пікірінше, оларды «халықаралық деңгейде бейбітшілікті сақтау жауапкершілігі» біріктіреді.

Путин Украинадағы соғыс мәселесін Си Цзиньпинмен де, Трамппен де талқылағанын растады. Оның айтуынша, үш ел де Украинадағы соғысты қоса алғанда, аймақтық қақтығыстарды реттеуге мүдделі.

(Толықтырылады)

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР ЖАЛПЫ АРХИВ

Азат Еуропа / Азаттық радиосы © 2026, Inc. | Барлық құқықтары қорғалған